

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Стоматология факультеті

2025-2026 оқу жылы «Фундаментальдық медициналық ғылымдар» кафедрасына қарасты І курс СТР-508 тәлімгерлік тобында тәрбие жұмыстарының жоспарына сәйкес жүргізілген

№2 ХАТТАМАСЫ

<https://www.instagram.com/reel/DPDOwA-iJpR/?igsh=cXU0cDE0MDh6ZGNv>

Түркістан қ.

26.09.2025ж.

Қатысқандар: Стоматология факультетінің «фундаментальдық медициналық ғылымдар» кафедрасының магистр оқытушысы, стоматология 1-курс студенттерінің аға тәлімгері Б.А.Ашимбекова және СТР-508 тобының білім алушылары.

Күн тәртібінде:

Фундаментальдық медициналық ғылымдар кафедрасының магистр оқытушысы, аға тәлімгер Б.А.Ашимбекованың және жетекшілік ететін СТР-508 тобының ұйымдастыруымен 26.09.2025ж. өткізген «**Таза Қазақстан**» атты ашық тәрбие сағаты.

Тәрбие сағаттың мақсаты:

Білімділік: Қандайда бір маңызды бастаманы-өзімізден, яғни жастарды тәрбиелеуден бастау керек. Сонда ғана алдымызға қойылған мақсатымыздан-үлкен жетістікке жететініміз анық.

Тәрбиелілік мақсаты: Таза Қазақстан-экологиялық бірегей жоба. Тазалықтың бастамасын қолға ала отырып, қоршаған ортамыздың ластануын болдырмау арқылы қоғамымыздың дамуына үлес қосу.

Дамытушылық: Тәрбие сағатымыздың маңыздылығы мен дамытушылығын аға тәлімгер-Б.А.Ашимбекова түсіндіріп, өзінің ойымен бөлісті. Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз. «Жас келсе – іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршамызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру – игі істердің бастамасы болып табылады.


Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркейтіп бермейді. Отанымызды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы. Соңғы жылдары елімізде көптеген маңызды өзгеріс болды. Әділетті мемлекет болу үшін біз заң мен тәртіпке бағынатын қоғам құрып жатырмыз. Сондай-ақ ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, өскелең ұрпақ үшін, яғни, сіздер үшін жасалуда. Қазақ болашағы – сіздер, жастарсыздар! Отаншыл, білімпаз, еңбекқор болыңыздар деп тілеймін. Сонда Қазақстанымыз да Әділетті, Таза, Қауіпсіз және Өркендеген озық ел болмақ. Бәріңізге сәттілік тілеймін, – деп сөзін қорытындылады.

Шешімі: Білім алушыларымыз тарапынан табиғат аясында «Таза Қазақстан» тақырыбына шағын видеоролик түсірілді.

Тәрбие сағаттан көрініс:



АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТІ



Стоматология факультетінің ғылым және тәрбие ісі
жөніндегі декан орынбасары:

СТР-508 тобының аға тәлімгері:



П.Б. Тасенова

Б.А. Ашимбекова